



а) импортқа немесе экспортқа (немесе) байланысты салынатын кез келген түрдегі кедендік баждар мен алымдарға, мұндай баждар мен алымдарды өндіріп алудың тәсілін қ о с а а л ғ а н д а ;

б) импорт пен экспортты төлеу тәсілдері мен мұндай төлемдерді халықаралық а у д а р у ғ а ;

с) кедендік тазалауға, транзитке, қоймада сақтауға және қайта тиеуге жататындарды қоса алғанда, импорт пен экспортқа байланысты ережелер мен нысандылықтарға;

д) импортталатын тауарларға қолданылатын салықтар мен кез келген түрдегі басқа д а а л ы м д а р ғ а ;

е) техникалық жағдайларға, стандарттар мен сертификаттарға сәйкестікке жүргізілетін сынауларды қоса алғандағы техникалық жағдайлар мен стандарттарға;

ф) сату, сатып алу, тасымалдау, бөлу, сақтау және ішкі рынокта пайдалану жөніндегі ережелер жайындағы барлық мәселелерде қолайлылығы кем болмайтын режим ж а с а й д ы .

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына экспорттаудан (немесе) шығатын тауарларға, егер Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарымен өзгесі көзделмесе, сандық шектеулерді қолдануға және лицензия беруге қатысты кемсітпеу режимін ж а с а й д ы .

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың аумағынан шығатын, импортталатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге осындай импортты төлеу үшін қажетті валюталық қаражаттарды бөлуге қатысты, егер Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарымен өзгесі көзделмесе, кемсітпеу режимін жасайды.

4. Уағдаласушы Тараптар арасындағы тауарлармен және қызмет көрсетулермен алмасу осы Келісім шеңберінде және Уағдаласушы Тараптардың тиісті ведомстволарымен келісілген стандарттарға сәйкес жүргізіледі.

## **І І Б А П**

### **Тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін рынокқа шығу мүмкіндігіне қатысты жалпы міндеттемелер**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап І Бапқа сәйкес, сондай-ақ өзара негізде және үшінші елдермен қарым-қатынастарға зиян келтірмей екінші Уағдаласушы Тараптың тауарлары мен қызмет көрсетулері үшін рынокқа шығу мүмкіндігін жақсартады және өзара оңтайлы коммерциялық мүмкіндіктерді, соның ішінде рынокқа шығу мүмкіндігі жөнінде өзара қанағаттанарлық шаралар қолдану жолымен де, жасайтын болады.

2. Тауарлар және қызмет көрсетулермен сауда Уағдаласушы Тараптардың жеке және заңды тұлғалары арасында баға, сапа, жеткізілім және төлем шарттары сияқты әдеттегі коммерциялық ұғымдар негізінде олардың тәуелсіз коммерциялық шешімін орындау үшін жасалатын келісім-шарттар жолымен жүзеге асырылатын болады.

3. Уағдаласушы Тараптар тауардың техникалық шарттары мен стандарттары екі жақты саудаға бөгеттер жасау мақсатында немесе ұлттық өндірісті қорғау үшін кемсіту

жолымен әзірленбеуін, қабылданбауын және қолданбауын қамтамасыз етеді.

4. Уағдаласушы Тараптардың жеке және заңды тұлғалары арасында жасалған келісім-шарттар мен уағдаластықтарды жүзеге асыру кезіндегі өздерінің шаруашылық етуші субъектілерінің міндеттемелері үшін Уағдаласушы Тараптар жауапкершілікте болмайды.

## **І І І**

## **Б А П**

### **Сауданы кеңейту және көтермелеу**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өздерінің коммерциялық компаниялары мен ұйымдарының екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында өткізілетін халықаралық және мамандандырылған жәрмеңкелерге қатысуын көтермелейді және мүмкіндігінше оларды қажетті құралдармен қамтамасыз ететін болады.

Көрмелер немесе жәрмеңкелерге арналған аумаққа тауарларды екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына әкелуге қатысты бір Уағдаласушы Тараптың түрлі алымдарын күшіне енгізу немесе кеден баждарынан, салықтардан және басқа да міндетті төлемдерінен босату 1961 жылғы 8 маусымда Брюссельде қабылданған Көрмелер, жәрмеңкелер, кездесулер және осындай іс-шараларға арналған тауарлардың импорты туралы ережелерге сәйкес жүргізілетін болады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың коммерциялық компаниялары мен ұйымдарына отандық өндірушілер өнімінің экспозициясы үшін жыл сайын сату көрмелері мен жәрмеңкелерді мынадай шарттарда өткізуге рұқсат ететін болады :

- сауда-коммерциялық компаниялар мен ұйымдар қабылдаушы елдің заңдары мен ережелерін сақтайтын болады ;

- экспозиция үшін ұсынылған тауарлардың номенклатурасы мен саны Уағдаласушы Тараптармен келісілетін болады ;

- осы баптың шарттары Уағдаласушы Тараптарға күні және ұзақтығы бойынша өзге де сату көрмелері мен жәрмеңкелерді келісуге бөгет етпейді.

## **І V**

## **Б А П**

### **Коммерциялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасау**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың фирмаларының, ұйымдарының коммерциялық өкілдіктерін құруға рұқсат етеді, мұндай өкілдіктерге үшінші елдердің фирмалары мен ұйымдарының коммерциялық өкілдіктеріне жасалған режимнен қолайлылығы кем болмайтын режим жасайды.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың коммерциялық өкілдіктеріне олардың операциялары жүзеге асырулары қатысты әділ және тең режимді қамтамасыз етеді .

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап сондай-ақ Уағдаласушы Тараптардың жеке және заңды тұлғалары арасындағы тікелей коммерциялық мәмілелерді, олардың ішінде әрбір Уағдаласушы Тараптан өндірушілер, түпкілікті тұтынушылар немесе сатып алушылар

ретінде болатындарды қоса алғанда, көтермелейтін болады.

4. Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы да оның аумағының шектерінде екінші Уағдаласушы Тараптың жеке және заңды тұлғалары ие болған келісім-шарттық құқықтарды немесе меншік құқықтарын, не болмаса басқа құқықтарды негізсіз бұзатын шараларды қолданбайтын болады.

## V Б А П

### **Жариялылық**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап сауданы, күрделі қаржы салуды, салық салуды, банк ісін, сақтандыруды және басқа да қаржылық қызмет көрсетулерді, көлік пен еңбекті қоса алғанда, қолданылып жүрген ұлттық заңдарға сәйкес коммерциялық қызметке қатысты нормативтік құқықтық актілермен және ережелермен көпшілікті таныстыру үшін мүмкіндікті дер кезінде қамтамасыз ететін болады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың жеке және заңды тұлғаларының ұлттық экономика және оның жекелеген салалары бойынша, соның ішінде сыртқы сауда жөніндегі ақпаратқа, қолда бар құпия емес сипаттағы, біреудің меншігіне жатпайтын деректерге қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін болады.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарапқа мүдделілік болған кезде іскерлік белсенділік жасауға ықпал ететін қағидалар мен ережелерді жасау мәселелері жөнінде кеңесу мүмкіндігін береді.

## V I Б А П

### **Тауарлармен және қызмет көрсетулермен саудаға қатысты қаржылық ережелер**

Уағдаласушы Тараптар сауданы дамытудағы банктік қарым-қатынастардың маңыздылығын қуаттады және екі ел арасындағы сауда операцияларын еркін айырбасталымды валютада және халықаралық банк ережелері мен тәжірибесіне, егер екі елдің Ұлттық Банктері өзгеше келіспесе, сәйкес жүргізуге уағдаласты.

## V I I Б А П

### **Инвестициялар**

1. Уағдаласушы Тараптар инвестициялардың, ілгерішіл технологияларды енгізудің маңыздылығын тани отырып, сондай-ақ экономикалық тиімділік принциптерін негізге ала отырып, инвестициялар, бірлескен кәсіпорындар және шетелдік қатысумен кәсіпорындар, осындай кәсіпорындардың, банктердің өкілдіктері үшін қолайлы жағдайлар жасауға көмектесетін болады.

2. Уағдаласушы Тараптар инвесторлар құқықтарының әрбір Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес тең дәрежеде қорғалуын қамтамасыз етеді.

## V I I I Б А П

### **Жүк тасымалдау**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзара негізде бір Уағдаласушы Тараптың аумағынан шыққан және екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына ауыстырылған (немесе арқылы)

тауарлар тасымалын Уағдаласушы Тараптардың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жеңілдетуге көмектесетін болады.

2. Дүниежүзі рыноктарында екі ел тауарларының бәсекелестік қабілетін дамыту және тасымалдаудың эксплуатациялық шығыстарын азайту мақсатында Уағдаласушы Тараптар жүктерді тасымалдаудың тарифтік ставкалары мен оларды есептеу принциптерін бір ізге салуға ұмтылатын болады, Уағдаласушы Тараптардың кәсіпорындары үшін нормативтік құқықтық актілерімен көзделген тарифтер мен ставкаларды пайдалануда теңдей шарттарды қамтамасыз етеді.

3. Осы Келісімнің 2-тармағының ережелерін іске асырудың нәтижесі Уағдаласушы Тараптардың аумағы арқылы транзитпен өтетін жүктер үшін Уағдаласушы Тараптар тарифтік саясатты қалыптастырудың және қолданудың бірыңғай принциптері қолданылатын кеңістік деп түсінетін тарифтік кеңістікті құру болып табылады.

4. Осы Келісімнің Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес тыйым салынған немесе шектелген белгілі бір тауарлар, заттар мен бұйымдарды әкелуге және әкетуге, сондай-ақ транзитіне күші жүрмейді.

5. Осы баптың ережелерін іске асыру Уағдаласушы Тараптар арасында екі жақты халықаралық шарттар жасау жолымен жүзеге асырылатын болады.

## **І Х Б А П**

### **Бұдан былайғы экономикалық ынтымақтастық салалары**

1. Уағдаласушы Тараптар өзара мүдделілік білдіретін барлық салаларда, сондай-ақ статистика мен стандарттарды қоса алғанда, экономикалық ынтымақтастықты нығайту үшін тиісті қадамдар жасайды.

2. Уағдаласушы Тараптар қызмет көрсетудің ұлғайып келе жатқан экономикалық маңыздылығын ескере отырып, рынокқа шығу мүмкіндігіне және оны ырықтандыруға барынша қол жеткізу мақсатында екі ел арасындағы қызмет көрсетулер қызметін жүргізуге ықпал ететін мәселелер жөнінде және өзара мүдделілік білдіретін әрі қызмет көрсетулердің жеке секторларына жататын нақты мәселелер жөнінде консультациялар өткізуге уағдаласты.

3. Уағдаласушы Тараптар екі елдің Сауда-өнеркәсіп палаталары арасындағы тығыз және тиімді ынтымақтастыққа көмектесуге және қажет болған жағдайда, бірлескен Сауда-өнеркәсіп палаталарын құруға, іскер топтар делегацияларымен алмасуға және бір-бірінің өнімдерімен және рыноктарымен танысу үшін мамандандырылған семинарлар мен конференциялар өткізуге, сондай-ақ бұл үшін тиісті құралдармен қамтамасыз етуге келісті.

## **Х Б А П**

### **Рынокты бұзудың алдын алу жөніндегі шаралар**

1. Кез келген Уағдаласушы Тарапқа тиісті тергеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін екінші Уағдаласушы Тарап аумағынан шығатын тауар импортына қатысты, егер бұл импорт Уағдаласушы Тарапқа зиян келтіретіндей немесе болмай қоймайтын зиян

қаупін төндіретіндей сандарда және жағдайларда жүзеге асырылатын болса, сондай-ақ Уағдаласушы Тарапқа зиян келтіретін немесе болмай қоймайтын зиян қаупін төндіретін демпингтік не болмаса қаржыландырылған импортқа байланысты арнайы сауда шараларын қолдануға осы Келісімдегі ешнәрсе бөгет бола алмайды.

2. Арнайы сауда шаралары осы баптың ережелеріне және (немесе) Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес зиянды жою немесе зиян қаупін жою үшін қажетті мерзімге импортты сандық шектеу нысанында немесе арнайы импорттық баждар, антидемпингтік және өтемдік баждар нысанында енгізілуі мүмкін.

3. Уағдаласушы Тараптар жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылуға тиіс, экономикалық зиян шектіретін немесе шектіру қаупін төндіретін не болмаса рыноктың бұзылуына едәуір шамада жол беретін екінші Уағдаласушы Тарап аумағынан шыққан тауар импорты кезінде Уағдаласушы Тараптардың бірінің өтініші бойынша тез арада консультациялар өткізуге уағдаласты.

4. 3-тармақта көзделген консультациялардың мақсаттары мынадай болады: а) зиян шектіруі немесе зиян шектіру қаупін төндіруі мүмкін импортқа қатысты факторларды ұсыну және талдау, және (b) мұндай зиянның алдын алу немесе жою құралдарын анықтау.

5. Импорттаушы Уағдаласушы Тараптың пікірінше мұндай рынок бұзудың алдын алу немесе жою үшін шұғыл шаралар қолдану қажет болғанда, импорттаушы Уағдаласушы Тарап өзінің ұлттық заңдарына сәйкес кез келген уақытта және алдын ала консультацияларсыз мұндай консультациялар артынша өткізілетін болған жағдайда, осындай шараларды қолдана алады.

6. Әрбір Уағдаласушы Тарап рыноктың бұзылуын анықтауға қатысты оның ұлттық заңдары жариялылық сипатында болуын қамтамасыз етеді және оның әсері болған Уағдаласушы Тарапқа өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді.

## **Х I Б А П**

### **Тауарларды суреттеу және кодтау жүйесі**

Екі жақты сауда-экономикалық қатынастардың тарифтік және тарифтік емес реттеулерін жүзеге асыру, статистикалық ақпаратпен алмасу, кеден рәсімдерін жүргізу үшін Уағдаласушы Тараптар Дүниежүзілік Кеден Ұйымының тауарларды суреттеу мен кодтау жүйесіне негізделген Сыртқы Экономикалық Қызметтің Тауар Номенклатурасын пайдаланатын болады.

## **Х I I Б А П**

### **Дауларды реттеу**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар пайда болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар оларды келіссөздер жолымен ізгі ықылас негізінде шешетін болады.

## **Х I I I Б А П**

### **Ұлттық қауіпсіздік**

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың кез келгеніне өзінің өмірлік мүдделерін қорғау үшін қажет немесе өзі қатысушысы болып табылатын немесе қатысу ниеті бар халықаралық шарттарды орындау үшін сөзсіз қажет деп санайтын сыртқы экономикалық байланыстар саласында халықаралық тәжірибеде жалпы қабылданған мемлекеттік реттеу шараларын, егер бұл шаралар төменде келтірілетіндерге қатысты болса, қабылдауға кедергі жасамайды:

- қоғамдық мораль мен қоғамдық тәртіпті қорғау;
- адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау;
- жануарлар мен өсімдіктерді қорғау;
- қоршаған ортаны сақтау;
- ұлттық игілікті құрайтын көркемдік, археологиялық және тарихи құндылықтарды қорғау;
- алтын, күміс немесе өзге де бағалы металдармен және асыл тастармен сауда;
- орны толмайтын табиғи ресурстарды сақтау;
- төлем балансының бұзылуы.

## X I V

## Б А П

### Консультациялар

1. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің орындалу барысын қарау үшін Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-иран үкіметаралық бірлескен комиссиясы шеңберінде мезгіл-мезгіл консультациялар өткізіп отыруға уағдаласты.

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты туындаған мәселелерді және Уағдаласушы Тараптар арасындағы қарым-қатынастардың басқа да тиісті аспектілерін талқылау үшін Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша тиісті арналар арқылы шұғыл консультациялар өткізуге уағдаласты.

2. Уағдаласушы Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге оның ажыратылмас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамамен ресімделетін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## X V

## Б А П

**Күшіне енуі, қолданылу мерзімі және қолданысының тоқтатылуы**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама түскен күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және Уағдаласушы Тараптардың бірі оның күшін тоқтату ниеті туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа хабарлаған сәтке дейін күшінде бола береді. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданысы осындай хабар алынған соң он екі айдан кейін тоқтатылады. Осы Келісім қолданысының тоқтатылуы осы Келісім күшінде болған кезеңде жасалған жобалар мен келісім-шарттардың жүзеге асырылуына ықпал етпейді.

Тегеран қаласында 1999 жылғы 6 қазанда, бұл 1378 жылғы 14 мехраға сәйкес келеді, кіріспесімен және он бес баппен әрқайсысы қазақ, парсы, ағылшын және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндер түпнұсқаға сәйкес келеді.

Түсіндіруде пікір алшақтықтары болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

*Қазақстан Республикасының* *Иран Ислам Республикасының*  
*Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 6 қазандағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 6 қазандағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) XIV бабына сәйкес, мына төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімнің I бабы мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жоғарыда көрсетілген ережелер:

а) шекара маңындағы сауданы ілгерілету мақсатындағы ынтымақтастық негізінде Тарап кез келген көршілес мемлекетке ұсынған немесе ұсынатын артықшылықтарға, жеңілдіктерге және кедендік төлемдер мен салықтардан босатуға;

б) кеден одағының және еркін сауда аймағының шеңберіндегі ынтымақтастық негізінде Тарап үшінші мемлекетке ұсынған немесе ұсынатын артықшылықтарға, жеңілдіктерге және кедендік төлемдер мен салықтардан босатуға;

в) Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мейлінше дамуы төмен елдерге ұсынған немесе ұсынатын артықшылықтарға, жеңілдіктерге және кедендік төлемдер мен салықтардан босатуға қолданылмайды".

2. Келісімнің III бабы 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес, екінші Уағдаласушы Тараптан шығарылатын жарнамалық материалдың, тегін үлгілердің, сондай-ақ сатуға арналмаған жәрмеңкелер мен көрмелерге арналған тауарлардың және жабдықтардың импортын кеден баждары мен салықтардан босатуға келісті".

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Уағдаласушы Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1383 \_\_\_\_\_ жылына сәйкес келетін 2004 жылғы 4 қазанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, парсы, ағылшын және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

